



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmesht.kz@mail.ru

Ақмешіт

апталығы

17 мамыр
сейсенбі
№39 (1844)
2022 жыл

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРУ ЖОЛЫНДА

Бүгінде халық арасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша референдум өткізу жөніндегі ұсынысы жан-жақты талқыландуда. Бірі Жаңа Қазақстанның жаңа бастамасы деп қабылдап, қолдап жатса, енді бірі оның не екенінен бейхабар.

Расында, референдум дегеніміз не? Оның халыққа қандай пайдасы бар? Оның маңызы қандай? Бұл – көптің көкейіндегі сұрақтар. Референдум – мемлекеттің ең маңызды мәселелерін халық болып шешудің басты тетігінің бірі. Оны өткізуге әрбір қазақстандық ерікті түрде қатысады. Елімізде 1995 жылы Конституция референдум арқылы қабылданыпты. Одан кейін бүгінге дейін заң тек Парламент арқылы жүзеге асқан. Соған қарағанда осы кезге дейін еліміздегі әрбір өзекті, халық үшін маңызды мәселелер тек билік тарапынан шешімін тапса керек. Жасыратын несі бар, бүгінге дейін «әрбір саяси бастама халықтың қатысуымен өткізілсін» деген қоғам белсенділерінің сөзінен еш нәтиже шыққан жоқ. Десе де мемлекеттің басты байлығы – халық. Енді міне, қарапайым халықтың арман-мақсаты орындалатын күн де алыс емес. Себебі Президент бүкіл халықты 5 маусымда өткізілетін референдумға бір кісідей атсалысуға шақырды. Жаңа Қазақстанды құрудың алғашқы қадамын референдумнан бастау арқылы Мемлекет басшысы енді әр қазақстандықтың пікірі маңызды екенін айқындады. Осындайда «Келісіп пішкен тән келте болмас» деген әдемі теңеу еске түседі.

2 БЕТТЕ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетовтың төрағалығымен Қызылорда қаласын дамытудың проблемалық мәселелері және оларды шешу жолдарын талқылау бойынша кеңес отырысы өтті. Жиналға қатысқан сала басшылары баяндама жасап, атқарылған жұмыстарды тізбеледі. Басқосуда облыс әкімінің орынбасары шаһардың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері аймақ басшысының ұдайы бақылауында екенін жеткізіп, ең өзекті проблемалардың шешілу жолдарын бірге қарастыру қажет екенін айтты.

ҚАЛАНЫҢ ЖАЙЫН ТАЛҚЫЛАҒАН КЕҢЕС



– Өңір экономикасын әртараптандыру мақсатында құны 667 млрд теңгені құрайтын 22 жобаның тізімін жасадық. Оның ішінде 19 жобаны қаржыландыру мақсатында «Қазақстан Даму Банкі», «Өнеркәсіпті дамыту қоры», «Ағарлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамымен жұмыс жүргізілуде. Ал кредиттік тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысына қосымша 30 млрд теңге тарту мәселесі шешілуде. Сондай-ақ облыс әкімінің тапсырмасымен көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін жөндеу жұмыстары, оның ішінде Қорқыт ата атындағы әуежайдың жөндеу жұмыстары басталып кетті. Қаланың дамуына қосымша 5 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді, – деді Мархабат Жайымбетов.

Отырыста облыс әкімінің орынбасары Қызылорда қаласына инвестиция тарту, өңдеу өнеркәсібін көтеру мен кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне ерекше назар аударды. Сонымен қатар «Қызылорда Автобус паркін» материалдық базасын нығайту жайы да айтылды. Жауапты сала басшысына жолдаушыларға ыңғайлы болу үшін электрондық төлем жүйесін одан әрі дамыту міндеттелді. Айтпа кетейік, жуық арада облыс әкімінің қолдауымен автобус паркі 150 көлікпен жаңартылмақ.

«Қызылорда су жүйесі» мекемесі жұмысын тұрғындар жиі сығна алады. Облыс әкімінің орынбасары аталған мекеменің өзіне жүктелген міндеттерді толық орындамағанын қаперге салып,

дебиторлық қарыздарды жинау көрсеткішінің төмен екенін айтты. Сондай-ақ қаланы абаттандыру жұмыстары мен санитарлық-гигиеналық талаптардың да сын көтермейтінін жеткізді. Парк, сквер, аллеяларда қоғамдық әжетхананың жоқтығын тілге тиек етіп, қала басшылығына халық көп шоғырланатын орындарға кәсіпкерлерді тартып, санитарлық-гигиеналық талаптарды салу жұмыстарын қолға алуды тапсырды. Сондай-ақ базарлықты заманауи қалыппа келтіру кезек күттірмейтінін шегелеп айтты.

Мұнан өзге тұрғын үйлерді салу, жұмысы тұралап қалған құрылыс нысандарының жағдайын бақылауды және жол сапасына жете мән беру керектігі айтылды. Мархабат Жайымбетов, әсіресе, жоспардағы тұрғын үй мен инфрақұрылым құрылысына қажетті жобалық-сметалық құжаттардың дер кезінде дайын болмайтынын айтып, белгіленген мержені орындап, республикадағы өз үлесімізді алу керектігін жеткізді.

Басқосуда аймақтағы атқарылатын ілкімді істер де сөз болды. Тұрғын үй қорын көбейту мақсатында 1000-ға жуық пәтер салынып, пайдалануға берілмек. Ал құрылыс жұмыстарын жүргізуге Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының кәсіпкерлері шақырылған. Сол жағалаудан бой көтеретін үстел теннис орталығы бұқаралық спортты дамытуға септігін тигізбек. Сонымен қатар жана Өнер театры мен Салтанат сарайы да қаланың сәулетіне әр бермек.

«Ақмешіт-ақпарат»

РЕФЕРЕНДУМ МАҢЫЗЫН ТҮСІНДІРДІ

Сыр өңіріне Мәжіліс депутаттары, республикалық АНТ мүшелері жұмыс сапарымен келді. 5 маусымда Қазақстанның болашағын айқындайтын жалпыхалықтық дауыс беру арқылы тарихи шешімдер қабылданады. Мәжіліс депутаттары алдағы өзгерістердің маңыздылығына тоқталды.



Жалпыұлттық референдум өткізу бастамасын қолдау жөнінде ақпараттық-түсіндірме жұмысы барысында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Ғалым Әміреев Т.Жүргенов ауылы «Ер-Әлі» ЖШС жұмысшыларымен кездесу өткізді. Онда Мәжіліс депутаты егіншілерге алда келе жатқан референдумды қолдаудағы ақпараттық-насихаттық жұмыстармен таныстырды.

Мемлекетті басқарудың жаңа үлгісі пайда болып, елдегі саяси ахуалға жаңа леп болатын Конституциялық Референдум өткізілмек. Бұл Мемлекет басшысы айтқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жүзеге асыуының бірден-бір

дәлелі. Сондықтан да әрбір азамат дауыс беру арқылы өз таңдауын жасауға құқылы.

– Мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге мүмкіндік беретін конституциялық референдум – Әділетті Қазақстан ұстанымының бастамасы деуге де негіз бар. Ол биліктің өкілді тармағын (Парламент, мәслихат) айтарлықтай күшейтеді. Жанартылған Заң аясында Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекітуі – елдегі саяси партиялардың тең дәрежеде басқаруға түсіп, демократиялық үдерісті үдете түсетіні сөзсіз, – деді халық қалаулысы.

2 БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты бийлығы Жолдауында жергілікті билік өкілдерінің ашық түрде елмен кездесу қажеттігін атап өткен болатын. Президент: «Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аудара отырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін», – деп атап өткен болатын.

БАЯНДАМА ОҚЫЛМАҒАН КЕЗДЕСУ



Кеше қала әкімі Асылбек Шәменов Тасбөгет кенті тұрғындарымен кездесті. Кездесуде кентішілік әлеуметтік мәселелер талқыланып, оның шешілу жолдарын қарастырды. Халықпен кездесуге шаһар басшысымен бірге қалалық

мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев қатысты.

– Тасбөгет кенті маған бөтен емес. Мұндағы әрбір мәселе ұдайы назарымда. Енді тұрақты түрде тоқсан сайын сіздермен кездесіп тұрамын. Жаңа Қазақстанды құру

жолында елмен етене араласып, халыққа қажетті шаралардың барлығы жасалды. Мемлекеттік бағдарламалар аясында ауқымды жұмыстар жасалып жатқаны елдің назарында. Оның ішінде «Өңірлерді дамыту 2020-2025» және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары барысында кентке ауыз су тарту, жол жөндеу, көше шамдарын орналастыру мәселері ретімен іске асырылуда. «Қарапайым заттар экономикасы» аясында арнайы жобалар қаржыландырылып, басқа да қажетті шаралар қолға алынды. Мұның барлығы – ел әлеуетін арттырудағы жоспарлы жұмыстар. Өндірісі өркендеген өңірдің кемел келешегі бұдан да жақсара түспек. Сол жарқын жолда халықпен бірлесе жұмыс істеу біздің басты мақсатымыз, – деді қала әкімі.

2 БЕТТЕ

РЕДАКТОР БАҒАНЫ



ТУҒАН ТІЛІМ – КҮШ-ҚУАТЫМ, АЙБЫНЫМ, КӨРКІМ МЕНІҢ



Әзіз БАТЫРБЕКОВ

Ел дегенде емірен, тіл дегенде тебірен.

Қадыр Мырза Әлі

Референдум арқылы Ата заңымыз жаңғырғалы жатқаны белгілі. Қазір ел-елді аралап жүрген халық қалаулылары мен белсенді топтар жұртшылықты референдумға қатысуға шақыруда. Жаңғыруға, жаңаруға бет алған Қазақстан үшін конституцияға өзгеріс пен толықтыру енгізу керек те шығар. Дәл осы референдумда елді толғандыратын һәм дүйім жұрт аландайтын екі мәселе болса, соның бірі – мемлекеттік тілдің жайы. Біздің Ата заңымызда бір ғана мемлекеттік тіл бар, ол – қазақ тілі. Бұқара көпшілік ұлттық тіліміздің, бойымызға ана сүті мен ата қаны арқылы дарыған қазақ тіліміздің статусын көтеріп, орыс тілінің конституциядағы «ресми тіл» деп аталатын мәртебесін алып тастауды ұсынуда. Мұндай ұсынысты айтқандардың қатарында қазақ тілінің ертеңіне аландаған ұлт зиялылары да бар. Ана тілінің ертеңіне, ұлтының келешегіне бей-жай қарай алмайтын қазақ баласы ретінде біз де үн қосуды, пікір білдіруді, ой айтуды жөн көрдік.



Сәлшегініс жасап, тарихқа көз жіберейік. Егемендіктің есігін сығырайта ашқан тоқсаныншы жылдар. Ел ішінде сенімнен гөрі күдік басым кез. Осындай алмағайып сәтте ұлтжанды азаматтар ел келешегі үшін тарихи қадамдар жасады. ХІІІ шақырылған Жоғарғы Кеңесте тәуелсіздік декларациясы қабылданды. «Қазақша білетін адам ғана Президент бола алады» деген ұсыныс түскен екен. Сонда Жоғарғы Кеңес депутаты болған Асқар Жұмаділдаев «Қазақ тілін еркін сөйлеп, жаза алатын адам ғана Президент бола алады» деген түзету енгізеді. Козлов деген депутат: «Неге менің балам Президент болмауы керек?» – деп қарсы дау айтқан. Асқардай дарабоз тұлға «Сіздер болдыңыздар, әлі де болмай қалмайсыздар, әуелі тұрған жеріңіздің тілін үйренетін уақыт жетті» – деп жауап берген екен.

Одан бері де отыз жылдан аса уақыт өтті. Тәуелсіздік алған жылдары өмірге келген ұрпақ бүгінде еңсе тіктеді. Бір анығы, Мемлекеттік тіл дәрежесін алған ана тіліміз өрісін кеңейтіп келеді. Тәуелсіздік алған жылдары елдегі мектептердің басым бөлігі орыс тілінде болатын. 1989 жылы 20 мың қазағы бар Петропавл қаласында тұңғыш қазақ сыныбын ашу үшін 15 оқушыны әрең жинағаны жөнінде деректер де айтылады. Бұл мәселе Тәуелсіздік алып, Қазақстан мемлекет ретінде таныла бастаған соң ғана шешімін таба бастады. Қазір елімізде 7500-ден аса күндізгі білім беретін мекеме бар. Онда үш миллионға жуық оқушы білім нәрімен сусындайды десек, соның 70 пайыздан астамы қазақ тілінде, қазақ мектебінде білім алады. Мемлекет тарапынан ана тіліміздің болашағын кемел ету үшін түрлі бағдарламалар қабылданды. Құжат айналымы мемлекеттік тілде жүргізіліп отыр. Бұл да тәуелсіздіктің жарқын жемісінің бірі екенін айтуымыз керек. Бірақ мұның бәрі қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін аздық етеді.

Ұлттың басты белгілерінің бірі, қазақтың қазақ екенін дәлелдейтін бұлжытпас айғақ, әр қазақтың тамырында ағып жатқан қанмен рухына, ана сүтімен бойына дарыған қасиетті тіл. Тіл жойылса ұлттың жойылатынын айтпаса да белгілі. Сол үшін де кеудесінде жүрегі қазақтың деп соғатын әрбір қазақ баласы ұлттық тілінің болашағы үшін жанұшырады. Олай болмағанда қайтсін, атадан балаға мұра болып келе жатқан әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлер, өнегеге толы тәрбие беретін рухани азықтар түгелдей бойымызға ана тіліміз арқылы сінеді. Мұның барлығын жоғалтсақ адами құндылықтардан айырыламыз айғақ. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қазақтың елінде қазақ тілінің мәртебесі бәрінен биік болуы керек.

Қазақ тілін үш бақытының біріне балаған Мұқағали Мақатаев, жылдарымен тілімізді құрметтеуге, қанша елдің тілін біліп меңгерсек те ұлттық тілімізді қадірлеп, қастерлеуге шақырған Қадыр Мырза Әлі, Жұбан Молдағалиев, Фариза Оңғарсыновалардың туған тілдің төңірегіндегі тебіреністері кімді болсын бей-жай қалдырмайды. Сөзімізді Мұхтар Шахановтай заңғар ақынның:

«Қазақ тілі – бабамыздың бабасы,

Қазақ тілі – ұлтымыздың анасы.

Ана тілсіз жойылады елдің рухы санасы,

Бір-ақ қадам ұлтсыздық пен мәңгірттіктің арасы», – деген сөзімен қорытындылағанды жөн санадық.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРУ ЖОЛЫНДА

Референдум халықтың еркін білдіру тәсілі ретінде өте кең таралған тәжірибе болып саналады. Көбіне оны Швейцария елі кеңінен қолданады екен. Референдум Еуропа елдерінде соңғы 200 жылда – 149, Орта және Таяу Шығыста – 93, Азия елдерінде 30 рет өткізілсе керек.

Осыған орай республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде сенатор Мұрат Бактиярұлы осындай референдумның 27 жыл бұрын өткенін айта келіп, ол кезде қолданыстағы Ата заңымыз қабылданғанына тоқталған.

– Шынында да екінші Конституцияны 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум арқылы қабылданған еді. Содан бері 27 жыл уақыт өтіпті. Оған қаншама өзгертулер енгізілді. Қазір жағдай мүлдем бөлек. Президенттің басты ұстанымы халықтың үніне құлақ асатын бір-біріне тәуелсіз Атқарушы, Заң шығарушы және Сот билігін орнату. Бүкіл өркениетті елдердің ұстанымы осындай. Демократияның бұдан басқа жолы жоқ. Сондықтан да президентіміздің жалпы-халықтық референдум арқылы Ата заңға өзгерістер енгізу ұсынысы келешек тарихи-саяси шешім болып қалатыны сөзсіз, – деді ол.

Сондай-ақ сенатор Ақмарал Әлназарова өз кезегінде Конституцияға енгізілу жоспарланған бұл түзетулер іргелі сипатқа ие екенін және елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгертетінін атап өтті.

– Өз басым бұл ұсынысты құптарлық деп көрем, себебі бұл референдум Президентіміздің «халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясының жалғасы сияқты. Ондағы басты идея азаматтың мүдделері басты орынға шығатын, онда мемлекеттік органдардың азаматтармен өзара әрекеттесе отырып, азаматтардың шешім қабылдау және олардың бақылау процесіне тартылуына мүмкіндік беретін кедергісіз мемлекет құру деп білемін, – деді сенатор.

Конституциялық реформа нәтижесінде Ата заңдағы 98 баптың 33-і өзгермек. Референдумда ел колдаса, онда Ата заңға түзетулер биыл күшіне енеді. Тек Парламентке және Конституциялық соттың қызметіне қатысты нормалар 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізілуі мүмкін.

Басы 1-бетте

Бұл – жыл соңына дейін осы конституциялық жаңашылдықтарды жүзеге асыру үшін қажетті заңдардың тұтас топтамасын қабылдау қажеттілігімен байланысты. Бүгінде қарапайым халықты қай баптың өзгертіні қызықтыруда. Бұл жөнінде мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұл «Егемен Қазақстан» газетінде кеңінен баяндап берген екен.

– Конституцияның 6-бабына «Жер және жер қойнауы – халықтың меншігі, байлығы» деген бап енгізілмек. Бұл – халқымыздың талабы. Ол Президент айтқан Жаңа Қазақстандағы әділеттіліктің орнауы болмақ. Қолданыстағы Конституцияда «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады» деп жазылған. Реформа аясында Қазақстан басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен бас тартады.

Тәуелсіздікті қалыптастырудың, мемлекет құрудың бастапқы кезеңінде бұл даму моделі қажет те еді. Бірақ қазір заман өзгерді. Сондықтан суперпрезиденттік басқарудан дамыған елдердегі секілді мықты Парламентке сүйенген президенттік республикаға біржола көшміз. Парламенттің құзыры мен ролі күшейеді. Мұндай жүйе биліктің үш тармағының (Парламент, сот және атқарушы биліктің) оңтайлы тепе-теңдігін қамтамасыз етіп, еліміздің орнықты дамытуға септеседі. Осы орайда Мемлекет басшысы өзіне қатысты салмақты шектеулерді қабылдап отыр. Мәселен, Атапат партиясының кезектен тыс XXIII съезінде Қ.Тоқаев билеуші партияның төрағасы өкілеттігінен бас тартты. Сондай-ақ Конституциялық түзетулер нәтижесінде Президент өз өкілеттігін атқару кезеңінде кез келген партияға мүшелігін уақытша тоқтата тұруға міндеттелмек. Аталған норма елдегі саяси бәсекені арттырып, саяси монополияны жояды, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды. Сайлауға қатысатын әрбір күшке тең мүмкіндік туғызады. Өзге партияларды Президенттің мысы басып тұрмайды. Сөйтіп саяси жүйеде әділдіктің орнауына жол ашады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы өзінің туыстарына қатысты да қатаң шектеу қабылдады. Оның жақын туыстары саяси мемлекеттік қызметші бола алмайды. Квазимемлекеттік секторда, ұлттық компанияларда басшылық лауазымдарды

атқара алмайды. Президент бұл шешім қаңтар оқиғаларының маңызды сабағынан туғанын айтты. Себебі мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Олар мемлекетті жекеменшігі сияқты көре бастайды. Осылайша, тәуелсіздіктің отызжылдық кезеңінде қолданылған «қолдан басқару» тәжірибесі жойылады, барлық іс Президентке барып тірелмейді, өңірлік мәселелерді жергілікті өзін-өзі басқару органдары тұрғындармен ақылдасып, сол жерде шешуге құқылы, қуырлы, қауқарлы болады. Жергілікті биліктің дербестігі артады. Бұл – біз ұмтылған дамыған елдердің үлгісі, – деді мәжіліс депутаты.

Шындығында, Қазақстан халқы алдағы референдумда Ата заңға түзетулерді құптаса, онда Президенттің өкілеттігі біршама азаяды. Мәселен, Мемлекет басшысы облыстардың, мегаполистердің әкімдері қабылдаған шешімдерді, шығарған актілерді жою, ол құжаттардың күшін тіпті уақытша болса да тоқтата тұру құқығынан айырылады екен. Сонымен қатар Президент аудан, тіпті ауыл әкімдерін де лауазымынан босата алмайтын болады. Өйткені Қ.Тоқаев бастамашы болған саяси жаңғырулар аясында елімізде ауыл және аудан әкімдері сайланады. Тиісінше, ауыл, аудан жұртшылығы өзі сайлаған әкімін қызметінен өздері алып тастай алады. Мемлекет басшысы сайланған әкімге тиісе алмайды. Осылайша Ата заң баптарының үштен бірі өзгереді деп күтілуде. Осы арқылы Конституция жаңаша сипатқа енеді деген сенім бар.

– Бұл референдум Тәуелсіз Қазақстанның тарихында үшінші рет өткізілмек. Біріншісі 1995 жылы 29 сәуір айында сол кездегі ел Предиенті Н.Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту туралы болды. Оған 90,6 процент халық қатысты. Ал екіншісі 1995 жылдың 30 тамызында жаңа Конституцияны қабылдау жөнінде өтті. Бұл референдумға да халық бір ауыздан белсенді атсалысты. Енді, міне, үшінші референдум өткізілмек. Мұның ерекшелігі неде? Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстанды» құру арқылы

саяси реформалар жасауда. Президенттің сөзімен айтсақ, Жаңа Қазақстан дегеніміз бұл әділетті елді құру. Әділетті Қазақстанды құру үшін ең негізгі Ата Занды өзгертуден басталады. Президент бұл бастаманы күзде айтамын деген еді. Алайда көктемде басталды. Референдумда қойылатын сұрақтардың негізгі мақсаты Конституцияның баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Сондықтан халық дұрыс жауап беруі үшін ондағы әрбір мәтінмен етене танысу керек. Ең алдымен құқықтық сана, құқықтық мәдениет құқықтық сауаттылық қалыптастыру керек. Әрбір өзгертілетін бапты қарапайым халық түсінетіндей болу керек. Референдумнан халықтың күтері көп. Біріншіден, халық қордаланып қалған мәселелер туралы ойын ашық айта алады. Екіншіден, саяси партиялар көбейеді. Үшіншіден, халық сайлаған депутат өз міндетін орындай алмаса, кері қайтады. Енді осы жерде «бұл өзгеріске біздің қоғам дайын ба?» деген сауал туындайды. Осы жерде қарапайым халықтың саяси сауаттылығы сынға түседі. Негізгі бізге өзгеріс керек. Ол өзгерістің Ата заңымыздан бастау алғанына қуанып жатырмыз. Бір ауыздан қолдаймыз. Сондай-ақ алдағы өтетеін референдумға біріміз атсалысамыз, – деді Қорқыт ата университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамберліев.

Мемлекеттік заңды уақыт талабына сай реформалап отыру әлемдік тәжірибеде бұрыннан бар дүние екенін жоғарыда айта кеттік. Сондықтан ғалымдар бұған үрке қарауға болмайтынын айтады. Расында, енетін өзгеріс қоғамды, мемлекетті әділетті арнаға тартатын болса неге одан қашуымыз керек. Мәселен, көшегі қаңтар оқиғасы қоғамда сілкініс туғызды. Көп дүниенің бетін ашып, бізге мықты болу керек екенін көрсетті. Әр мемлекет өзінің даму бағытын өзі айқындайды. Етек-жеңімізді жинайтын кез келгенін жоғарғы биліктен бастап қарапайым халыққа дейін түсінді. Сондықтан «Жаңа Қазақстанды» құруға әрбір қазақстандық үлес қосуды керек деп білеміз. Ал сіз қалай ойлайсыз, құрметті оқырман?

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

БАЯНДАМА ОҚЫЛМАҒАН КЕЗДЕСУ

Бұл жолғы халықпен кездесу форматы әдеттегідей ұзын-сонар баяндама, санамаласа саусақ шаршайтын сандар жиынтығымен жалғасқан жоқ. Билік пен бұқара арасында ашық диалог орнады.

Тасбөгеттің байырғы тұрғыны Жеңіс Сүлейменов кент ішінде небары екі аялдама бар екенін айта келіп, мектеп оқушылары қысы-жазы талдың саясында автобус күтетінін жеткізіп, кентке аялдама салынса деген ұсынысын айтты. Шаһар басшысы бұл мәселе жақын күні оң шешімін табатынын айтып, назарында ұстайтынын жеткізді.

Тасбөгеттіктердің әкім назарына ұсынған тағы бір түйткілді мәселесі каналды тазалау мен кент орталығындағы апаттық жағдайда деп танылған көпқабатты тұрғын үй мәселесі болды.

– Тасбөгетке қарасты Сабалақ саяжайында тұрамыз. Онда тұрғындардың бас ауруына айналған басты мәселе – қоғамдық көлік пен ауыз су. Осы екеуі шешімін тапса нұр үстіне нұр болар еді. Ол жерде де қаншама халық тұрып жатыр. Осыны назарыңызға алсаңыз, – деді Айгерім Бақыт есімді Сабалақ саяжайының тұрғыны.

Басы 1-бетте



Бұл сауалға қала әкімі жақында қалаға 150 автобус келетінін айтып, күзге таяу қоғамдық көлік мәселесі оң шешімін табатынын жеткізді. Содан соң тұрғын үй жайы халыққа өз ретілігімен кезек бойынша берілетінін түсіндірді. Ал аяқ су мәселесін кент әкімі Семсер Сыдықовқа қатаң түрде тапсырып, үш күннің ішінде есебін құрайтынын жеткізді.

Т.БЕКМЫРЗАЕВ

– Елдің ұсынысымен, пікірімен санасып жұмыс істелу керек. Сонда ғана ол өз нәтижесін береді деп есептеймін. Ел арасындағы аз-кем мәселелер кәсіпкерлер мен мекемелермен бірге, ұйымшылдықпен шешілу керек. Айтылған ұсыныстарға орай өзім арнайы тапсырма беріп, оның орындалу барысын қадағалаймын, – деді қала әкімі.

Қоғамда түрлі тағдырлар кездеседі. Мүмкіндігі шектеулі жандар сол қоғамның ажырамас бір бөлшегі саналады. Оларды қолдау мемлекеттік саясаттың бір бағыты.

Осы орайда қала әкімдігінің қолдауымен қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «TEN QOGAM» әлеуметтік қолдау орталығы өз жұмысын бастады.



МҮМКІНДІКТЕР АЛАҒЫ

Салтанатты рәсімге облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бастығының орынбасары Айгүл Ибраева, «Қазақ соқырлар» қоғамының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Асқар Қолдабеков қатысып, орталық жұмысына сәттілік тіледі.

«TEN QOGAM» мүгедектігі бар адамдарды қолдау орталығының мақсаты – мүгедектерді оңалту жүйесін жасау, олардың қоғаммен жан-жақты араласуын толыққанды қамтамасыз ету. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғауға негізделген шаралар ұйымдастыру. Олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу болып табылады.

Президент Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қоғамдық ортаға көбірек тарту қажет екенін атап көрсетілген. «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс. Ондай отандастарымызға тұрақты түрде қамқорлық пен қолдау көрсетілуі керек», – деген болатын.

«TEN QOGAM» әлеуметтік қолдау орталығы қаладағы өмірлік қиын жағдайда жүрген, тәрбиеленуінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе өздері де сол санаттағы тұрғыны төмен көпбалалы отбасыларға арналған.

Орталықта заңгерлік кеңес беру, психологиялық көмек, әлеуметтік-тұрмыстық, кәсіпкерлікке баулу дағдыларын үйрету, бос уақыттарын тиімді үйлестіру жұмыстары жүзеге асады.

– Қазіргі таңда өңірімізде 30 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі адам бар. Олардың 5 мыңы балалар. Орталықтың негізгі басым бағыты – соларға көмек көрсету. Қоғамның бір бөлшегі екенін сезінуді, деиді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бастығының орынбасары Айгүл Ибраева.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

РЕФЕРЕНДУМ МАҢЫЗЫН ТҮСІНДІРДІ

Сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары, «AMANAT» партиясы республикалық штабының мүшесі Балайым Кесебаева кәсіпкерлермен кездесті. Басқосуда жалпыхалықтық референдумның қоғамдық-саяси маңызы туралы айтып, конституциялық реформаның жаңашылдықтарына тоқталды.

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халық өз тағдырын өзі шешетіндей болуы үшін, мемлекеттің ісін барлық өлшем бойынша халықтың өзі айқындайтын жағдай жасау үшін референдум өткізгелі отыр. Бірнеше рет конституция өзгерді, бірақ барлығы парламент арқылы шешіліп келген еді. Енді үлкен өзгерістер болуына байланысты референдум қажет болып отыр. Өйткені конституцияның 33 бабына яғни үштен бір бөлігіне өзгеріс енгізілмекші. Әсіресе, ең қағидатты мәселелер жер, оның қойнауы, оның қазыналары халықтың меншігі деген концептуалды тың тұжырым жасалып отыр. Басқа да үлкен-үлкен мәселелер бар. Бастысы, «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен мықты парламентке сүйенетін президенттік басқару үлгісі енгізілгелі отыр, – деді кездесудің маңыздылығына тоқталған республикалық штаб мүшесі Балайым Кесебаева Тұғанбайқызы.

Жиында жергілікті кәсіпкерлер өздерінің пікірлерін, ойларын ортаға сады. Олар заңнамалық өзгерістерде қарапайым халықтың ұсыныс пікірі ескерілсе дейді. Себебі алдағы конституциялық референдум тұтас мемлекеттің болашағына әсер ететін, бұдан да жарқын келешектің іргетасын қалайтын аса маңызды күн болмақ.

Референдумның маңызын түсіндіру жұмыстары Жалағаш ауданында жалғасты. Мұнда Парламент Мәжілісінің депутаттары, республикалық штаб мүшелері Бақытбек Смағұл мен Геннадий Шиповских Жалағаш кентіндегі халыққа қызмет көрсету орталығында аудан тұрғындарымен кездесті. Онда бірқатар әлеуметтік мәселе талқыланып, алдағы референдум жайлы әңгімелесті. Тұрғындар депутаттармен пікірталасқа белсене қатысып, көптеген сұрақтар қойып, өз ойларымен бөлісті.

Мажоритарлы сайлау жүйесінің енгізілуі – сайлаушылардың республикалық қана емес, жергілікті жердегі де мүддесін жіті қорғауға мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева, облыстық маслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов «Шалхия ЦИНК» еңбек ұжымымен кездесу өткізді.

Басқосуда Президенттің ұсынған оң өзгерістер мен реформалардың іске асуына қолдау білдіру қажеттігін атап өтті.

– Жаңа Қазақстанның қалыптасуына үлес қосу – әрқайсысымыздың негізгі азаматтық борышымыз деп түсінген жөн. Қазақстанның демократиялы, әділетті және өркениетті мемлекет болып құрылуына үлес қосу – әрбір тұрғынның міндеті. Сондықтан бұл жобаны қолдау арқылы Жаңа Қазақстан қалыптастыруға мүмкіндік бар, – деді облыстық маслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов.

Конституцияға түзетулер енгізу бойынша 5 маусымда өткізуге ұсынылған республикалық референдум – қоғам арасында қызу талқыланып, қолдау тауып отыр. Конституцияны бүкілхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту – халықтың еркін білдіруінің айқын көрінісі. Алдағы референдум – жекелеген топтарды күшейтуді емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайтуды көздейді.

Басы 1-бетте

Айтқалың АЙТЖАНОВА

ЕРТЕГІ – БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ БАСТАУЫ

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Балалар жылы аясында Халықаралық балалар кітабы күніне орай «Ертегімен есейем...» атты байқау өтті. Оған қаламыздағы мектеп оқушылары қатысып, үздік өнер көрсетті.

Қазіргі таңда жас өрендерді ауыз әдебиетімен сусындатып, адамгершілікке, парасаттылыққа үйрету алға қойылған. Бүгінгі ұрпақ ата-бабамыздан қалған асыл қасиеттерді ұмытпауы керек. Бұрынғы балалар ертегі тыңдап, кітап оқып өссе, бүгінгінің балалары ұялы телефон арқылы өсіп келеді. Сондықтан жас ұрпақты ұлттық құндылыққа тәрбиелеу қажет. Шараның негізгі мақсаты да – осы.

Бүгінгі байқауда балалар ертегі қойылымы нәтижесінде ойлау қабілетін арттырып, армандай білуге, мәнөренпөйөйөуге шығармашылық қабілетін дамытты. Байқауға қатысқан Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейдің бастауыш сынып оқушылары Андерсен ертересі «Нағыз патшайым», Қазақ ертересі «Алдар көсенің сиқырлы тоны» атты ертегілерді көрсетті. Ертегі қоюға өрендерді кітапхана меңгерушісі Жадыра Оразбахова мен бастауыш сынып мұғалімі Анар Сүлейменова дайындады. Аталған мектеп-лицей оқушылары бас жүлдені иеленді.

Ертегі – бала тілін жаттықтырады. Оның кейіпкерлері, олардың басынан өтетін оқиғалары арқылы күнделікті нәрселерді талдай білуді және әлемді түсінуді үйренеді. Сондықтан балалардың бір сәт ертегі оқып, тыңдап өскені жөн.

Ақмешіт-ақпарат

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына Қосымша Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 70-10-02 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтық және мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

А.БЫРКЕНОВ

■ ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

10 МЫЛТЫҚ ӨТКІЗДІ

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, атыс қаруымен жарылғыш заттардың салдарынан жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 25 сәуірден бастап ел аумағында тұрғындардан заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәрілермен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша кезекті акция өтуде.

Акция аясында қала тұрғындары өз еріктерімен тегіс ұнғылы, тіркелмеген 10 аңшы қаруын полиция басқармасына өткізді. Қазіргі уақытта аңшы мылтықтарына баллистикалық сараптама тағайындалып, оның нәтижелері бойынша ақшалай қаражат төлеу туралы шешім қабылданауда.

БІР АПТАДА 553 РЕТ ҚҰҚЫҚ БҰЗЫЛҒАН

Жедел басқару орталығының көмегімен 553 құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 593-бабымен, яғни жол жүрісі қағидаларында көзделген жолаушыларды және жүктерді тасымалдау, қауіпсіздік белдіктерін немесе мотоциклдерді пайдалану жөніндегі талаптарды сақтамау бойынша 317 жүргізуші, 591-бабының 1-бөлігінде көрсетілген көлік құралын басқару кезінде жүргізушінің телефоны не радиостанцияны пайдаланған 54 жүргізуші, 600-бабының 1-бөлігімен жол жүрісінде басымдықты пайдаланатын көлік құралдарының жүргізушілерін қоспағанда, жол жүрісі қағидаларының жауа жүргіншілерге немесе жол жүрісінің өзге де қатысушыларына жол беру талаптарын орындамау бойынша 25 жүргізушіге әкімшілік хаттама тоқтырылды.

Сондай-ақ ҚР Қылмыстық Кодексінің 188 бабының 1 бөлігіндегі ұрлық және 293 бабының 1-бөлігімен бұзақылық, яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бұлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әденсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу бойынша 2 қылмыс ашылды. – Біздің орталық өз жұмысын ешқашан кідірткен емес. Сондықтан Қызылорда қаласы тұрғындарының тыныш ұйқысы мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында өз жұмысымызды одан әрі де жалғастыра береміз», – дейді қалалық полиция басқармасының жедел басқару орталығының бастығы, полиция майоры Берікбол Ерімбетов.

ҚАНТАР ОҚИҒАСЫНДА ПОЛИЦИЯ ҒИМАРАТЫНА ШАБУЫЛДАҒАНДАР ҰСТАЛДЫ

Жедел іс-шаралар жүргізу барысында полиция прокуратура органдарымен бірлесіп 5 қантар күні топ болып жиналып жергілікті полиция қызметі басқармасының ғимаратына қарулы шабуыл жасаған Қызылорда қаласының 3 тұрғынын ұстады. Қазіргі таңда олар қамаққа алынды. Ұсталғандардан қару тәркіленді. Бұл дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

АЛАЯҚ 16 АЗАМАТТЫ АЛДАҒАН

Бірнеше облыстың 16 тұрғыны алаяқтық құрбаны болғаны туралы Байқоңыр қаласындағы ҚР ІІМ өкілдігіне арыз түскен.

Наурыз және сәуір айында екі азаматша «WhatsApp» мессенджері арқылы ақшалай сыйақымен «Атырау қаласындағы «Теніз» мұнай компаниясына жұмысқа тұрғызып береміз» деп сенімдеріне кіру арқылы әр қайсысынан 150-200 мың тенге аралығында ақшаларын есеп шоттарына аудартып алған. Бірақ осы күнге дейін уәделерін орындамай, ақшаларын қайтармаған. Жедел іздестіру шаралары барысында алаяқтық қылмысына күдіктелген екі азаматша ұсталды. Екеуі де Қызылорда облысының тұмасы. Қазіргі таңда аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының 3-бөлігі 4-тармағымен ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтық ісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.

ЖОЛАУШЫНЫ ЗАНСЫЗ ТАСЫМАЛДАҒАН

Облыс көлемінде 10-30 мамыр аралығында «Зансыз жолаушы тасымалдаушы» жедел профилактикалық іс-шарасы өтті. Шараның екі күнінде жол қозғалысы ережесін бұзудың 38 дерегі тіркелген.

Оның ішінде тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысқан – 4, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзған –33 дерек тіркелді. Сонымен қатар жолаушыларды тасымалдау кезінде рейс алдындағы техникалық немесе медициналық қарап-тексеруден өтпеген жүргізушінің басқаруына рұқсат берудің – 1 дерегі анықталды.

Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасының баспасөз қызметінен алынды.

Отан тарихында елі мен жерін жаудан қорғаған батырлар аз болмаған. Олардың бірқатарының өмірі мен қызметі ғылыми тұрғыда жазылып, лайықты бағасын алды. Соның нәтижесінде есімдері ұлықталып, ауылдар мен қалалардың көшелеріне, мәдени-әлеуметтік нысандарға берілуде. Бұл тарихи жадты жаңғыртуға қызмет ететін игілікті іс.

Дегенмен тарихымызда Отан соғысы деп аталатын XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар соғысында жанқиярлық ерліктің үлгісін көрсеткен, жауға қарсы қол бастаған, елшілік-бітімгершілік қызмет атқарған көптеген батырлар-мыз бен билеріміз жеткілікті насихатталмай келеді. Сондай тұлғамыздың бірі – Тайлақ батыр.

Тарихи деректерде Тайлақ батыр Мәтіұлы XVII ғасырдың соңғы шірегінде дүниеге келіп, XVIII ғасырдың қырқышы жылдарында қайтыс болғандығы айтылады. Әкесі Мәті би болып, ел басқарса, оның екі ұлы Тайлақ пен Дербіс Еділ бойындағы құба қалмақтармен шайқастарда ерлігімен көзге түскен батырлар болып қалыптасady.

Тайлақтың батырлығы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретінен соң үш жүздің басы қосылып, жоңғар шапқыншыларынан елді азат ету үшін болған

Жаздың аптап күндері басталуға да жақын. Ал жаздың сәні – суға түсу. Дегенмен жазды күтпей-ақ осы күннің өзінде дария жағасында ойнап немесе суға түсуге барған оқушылар жеткілікті. Мұндай жойттер рейдтік шаралар кезінде анықталған.

Күннің ыстығында бір сергіп, суға шомылған жақсы-ақ. Әсіресе балалар оның ортасында жүргенді жаны сүйеді. Олардың періште көңілге тек қуанғанды, асыр салып ойнағанды қалайды. Тек, кейде сол бейқам көңілі қайғылы жағдайға ұшыратады. Жаз басталмай жатып-ақ қаламызда суда қаза болу дерегі тіркелген. Дерекке сүйенсек, Белкөл кенті, Көкжиде ауылы тұсында 1 адам суға түсіп, қаза тапқан. Осындай қайғылы жағдайдың алдын алу үшін балаларды бақылап отыру қажет.

Қаламыздағы И.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде білім беру мекемелерінің басшылары мен қалалық төтенше жағдайлар басқармасының мамандары бірлесіп жиын өткізді. Онда суға түсу маусымындағы қауіпсіздік шаралары кеңінен айтылды.

– Түсіндірме жұмыстарының негізгі мақсаты осы кездерде мектеп оқушыларының қайғылы жағдайға ұшыратпау, алдын алу. Су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ережелерді түсіндіру болып табылады. Облыс бойынша өткен жылы 49 адам суға кеткен, оның 24-і бала. Орын алған қайғылы жағдайлардың 70 % мектеп жасындағы балалардың ата-анасының қарауынсыз суға түсуі. Осындай аймақ ретінде саналатын жерлерге «Суға түсуге тыйм салынады» деген ескертпе тактайша тұрса да, құлақ аспай өз беттерінше шомылуы. Осындай теріс әрекеттер қауіпке әкеліп отыр. Сондықтан осы жылы да барынша тиісті жұмыстарды істеуге міндеттіміз. Балаларға судың қауіпті екенін түсіндіру қажет, – дейді қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Жасұлан Түйменов.

■ ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

25 мамырға жұрт «Сабақ бігеді» деп қуанса, өз басым ауылға барамын деп қуанатынымын, 4-сыныпқа дейін солай болды. Ол кезде ауылда нағашы әжем бар. Сол үшін ауылдағы үйге нағашы-бөелер жиналып, таңнан-кешке дейін ойынның түбін түсіреміз. Үлкендер жағы түнімен көшеге шығып, күндіз ұйқыны тебеді. Ортаншылары үй шаруасына көмектеседі, ыңғайы келсе ойынға қашып кетеді. Біздер, мелочьтар, әйтеуір аяққа оратылып, бір жылап, бір күліп үй жақта ойнаймыз да жүреміз. Сондай қаникулдың кезекті жылы...

Әкемнің «путьевқағ» қолын қойдырып, 50 теңге төлейтін қала аралық «қуқушық» деген пойызға отырып, ауылға жол тарттық. Жалғыз емес әріміне. Әжеміз өзі келіп алып кететін. Қолда «трубочка» сусын мен сол бағығы бір «ТойBox». Рюкзакта киімнен гөрі ойыншық көп. Пойызда әже әйтеуір бір танысын тауып алып, әңгіменің түбін түсіріп жатыр. Мен вагонның ішін әрі-бөзі кезіп, жұрттың мазасын алып жүргенде ауылға да жеттік.

Вокзалдан «старшақ» бөлем ат арбамен күтіп алып, үйге қарай тарттық. Маған дейінгілері ауылға келіп үлгеріп, қаникулдың қызығына кіріп кеткен. Келе сала мен де әй-әй киімді шешіп, «человек пауты» бар шлепкем мен үй киімді киіп алдым. Әженің барбарис көмпитін шарға салып, сүтті шайды ірітіп жіберсем де қылқытып ішіп, ойынға кірісіп кеттім. Өзімше қалалық болып, ауылдағыларға фокус үйретіп жүрмін. Кайбір жөнді фокус дейсіз. Үйде әке-шешеміз жокта ағамның шырпымен істеп үйреткен фокусы. Шырпыны жағасың да бірден ұртына саласың. Ол өзімен-өзі ошп қалады. Ал сенің таңдайыңнан қонақ келгенде жейтін «копченый колбасаның» дәмі кетпейді...



ТАЙПАҚ БАТЫР

шешуші шайқасқа шыққан кезде танылады. Әсіресе, Тайлақтың батыр болып үш жүзге танылатыны 1729 жылғы Бұланты мен Білеуті өзендерінің қиылысындағы Қара-сүйір деген жердегі шайқаста ошақты Санырық батырмен тізе қосып, жоңғар әскерін тас-талқан етіп жеңуі еді. Осы деректер аталған кезеңнің архивтік құжаттарын тіркестіріп жинаған қазақстандық ғалым Я.В.Басиннің (Басин Я.В. Россия и Казахское

ханства в XVI-XVIII вв. –А., 1971 –С.126) құжаттар жинағында орын алған. XX ғасырдың бас кезінде М.Тынышпаевтың «История казахского народа» деген зерттеуінде де Тайлақ батыр қатысқан бұл шайқас суреттеледі. Демек, Тайлақ батыр туралы өз заманындағы жазба деректер ғылыми айналымда кездеседі. Ал тарихи тұлғаларды тұлғаландыруда дәстүрлі деректер – аңыздар, шежірелік деректердің де маңызы ерекше. Төлеу тайпасы,

оның шежірелік аңыздарында да Тайлақ батырға қатысты деректер жетерлік. Осы деректерді пайдаланған Ә.Кекілбаев «Үркер» романында, Ә.Өлімжанов «Жаушы» романында Тайлақ батырдың ерлік істерін көркемдік тұрғыда көрсетті. Бұл дәстүр кейінгі кездегі «Алаш» ғылыми зерттеу орталығы дайындаған «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» сериясымен жарыққа шыққан «Төлеу» атты ғылыми еңбекте, профессор Берікбай Сағындықұлының («Әлімсақ» журналы 2019 ж. №10) зерттеуінде, С.Кішенұлы мен С.Пирманұлының «Қармақшы таңы» газетіндегі «Тайлақ батыр» атты ғылыми-танымдық мақаласында және басқа да зерттеулерде жалғасын тапты. Осы бағытта С.Байдәулетовтің «Алтын киімді карт казактар немесе көне заманның көк бөрісінен жаңа заманның барысына дейін» және С.Койшыбаевтың «Тұлпар» атты тарихи-этнографиялық зерттеу кітаптарында да Тайлақ батыр туралы жазылған.

Тарихи деректерге сүйеніп, Аңырақай шайқасындағы ерлігін есте қалдыру үшін Ұлытауға жақын Бұланты-Білеутідегі ашық аспан астындағы мұражайға Тайлақ батырдың есімі жазылған ескерткіш белгі қойылған. Батырдың есімін ұлықтаудағы бұл алғашқы қадам одан әрі жалғасын табуы керек.

мұнымен шектелмейді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қаладағы шомылатын орындарда кезекшілік ұйымдастырылып, ескерту тактайшылары ілінді. Тұрғындар арасында үгіт-насихат жүргізілуде. Айта кететін жайт, олар суға шомылуға жүзу құралдарын ала бармайды. Оның арасында жүзуді білмейтіні де бар. Сөйтіп, жай ғана шомылып шығудың соңы күтпеген қайғылы оқиғалармен аяқталып жатыр. Мұндай жойттер орын алмасын десек, ең алдымен қауіпсіздікті есте ұстанғанмыз абзал, – дейді басқарма бастығы.

Мамандар сөзіне сүйенсек, қауіпті деп танылған орындарға шомылып жатқан үлкен кісілер мен қатар бала да кездеседі. Демек тиісті мекемелер тарапынан қаншама ескертулер жасалса да қателікті жасайтын кез-келген адамның өзі. Алайда, бұл өмір немқұрайлылықты көтермейді. Әр адам өз өміріне өзі жауапты.

Бала болған соң ойнамай тұра алмайды. Сондықтан қауіпті жағдайлардың алдын алғанмыз дұрыс. Әсіресе, бұлдіршіндерді қараусыз қалдырмай, әрбір басқан қадамын аңдып отырмаса есте болмас. Қазықтың «Сактансан, сактаймын!» деген аталы сөзінің төркіні де осы. Сол үшін де үйде балаларға өз еркімен суға түсу қауіпті екенін айта жүргеніміз абзал. Апат айтып келмейді. Дегенмен тілсіз жау саналатын от пен судан балғын бұлдіршінінің өміріне қауіп төніп жүрмесін. Оларды қайғылы оқиғалардан қорғап жүру – ата-ана міндеті. Әсіресе жаз айларындағы демалыс кезінде әрбір ата-ана бөбегінің қауіпсіздігі үшін оларды назарынан тыс қалдырмауы тиіс.

Иә, күннің ыстығында салқын судың жағасында демалғанға не жетсін. Бірақ салғырттық адамның түрлі келенсіз жағдайға ұшырауына алып келеді. Сондықтан қауіпсіздік шараларын басты назарда ұстағанмыз дұрыс. Әсіресе бала көзден таса болса алаңдап, іздеп қайда жүргенін біліп отыру қажет-ақ. Қауіп қайдан демейк...

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕНІЗ...

мас күйде суға түсу, ондағы жүріп-тұру ережесін сақтамау және тыйым салынған орындарда демалу. Тағы бір себебі – өз күшіне сенгендік. Ал балалар арасында орын алатын бұл қайғының негізгі себебі – ата-ана бақылауынан тыс суға түсу жас буынының өмірін ерте үзеді.

Мамандар кенеттен келетін қауіптің алдын алу үшін шаралар жасалып жатқанын алға тартды.

– Азаматтардың суда қауіпсіздік шараларын сақтау бағытында жүйелі іс жүргізілуде. Насихаттық жұмыстар

батырам деп тырқыратып қуып, судың ортасына апарып жылатып та алады. Сөйтіп әже ұйқыдан тұрады-ау деген кезде бір белсесетке үш адамнан (бір водитель, бір пассажир артында, бір пассажир ең жаман жер – водительдің алдындағы темір рамада) отырып алып үйге тарттық. Бұл жолы ұсталып қалдық.



Есік алдында әжеміз күтіп тұр. Аулаға кіргізбестен бұрын әженің алдына барып Фейс-контрольдан өтесін, «Фейс контроль» деген ол – әженің қолынды тырнауы. Кезегің келгенде қолынды созасың. Әженің тырнағының ізі қолыңда әппақ болып қалса біттім дей бер. Өйткені ақ із болса, суға түстің деген сөз.

Шапалағымызды жеп, аңырайтыны аңырап, шыдайтыны шыдап үйге кірдік. алып айдап келе жатқандай отырмын. Ауызбын «биіп-биі» деп қоямын. Анда-санда алдымадағы «пешеходтарды» балағаттап аламын.

Машинаны жүргізгісі келіп тұрғандар кезекте тұр. Сол өтетін біреуі мені шығарып, өзі отырып ойнай бастады. Оны көрген әжеміз қалай аштыңдар деп ұрсып, қуып жіберді. «Старшақтар» әжеге «Кілтті бер, құлаптаймыз» деп

Меншік иесі:  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінідігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 4261Тансырес №770
	Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.			
	Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА			